

Мукумова Зиёда Пахридиновна

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.к., профессор Кенжебекова Р.И.*

Туленова Дияра Анварбековна

*Хамза атындағы №42 мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Шымкент, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ДАМЫТА ОҚЫТУ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашақта бәсекеге барынша қабілетті 50 ел қатарына енуін жоспарлап отыр. Дамыта оқыту технологиясының негізінде теориялық білім басты орында болуы керек деген болжам жатыр. Оқушының біліктілігін (интелект) қалыптастыруда теориялық білім мен соны оқыту барысында мазмұндық топтастыру жасай алу қабілетін дамыту үлкен орынға ие бола алады. Яғни, оқушының оқу процесі, дәстүрлі оқытудағы эмпирикалық- индуктивтік типтен қызығушылығын дамытып отыратын теориялық- дедуктивтік типке қарай өседі. Олай болу үшін, осы мақсатқа сәйкестендіріліп арнайы жасалған білім мазмұны болуы керек және ол білім мазмұнын оқытуды дәстүрліден тыс арнайы әдістер арқылы ұйымдастырылуы керек. Соның негізінде ғана оқушылардың теориялық ойлауы дамиды. Осылай ұйымдастырылған оқыту процесі арқылы оқушыларға тек жалаң білім мазмұны хабарланбайды, оның есесіне, оқушылардың мазмұндық топтастырулар жасау қабілетін дамытатын әдістер арнайы жүйеленеді.

Дамыта оқыту технологиясында оқушыға жаңа ғылыми ұғымды меңгерту мынадай кезеңдерге бөлінеді: 1) мұғалім жаңа лингвистикалық жағдайлар жасап, соны таныстырады, соған бағытталған міндеттерді шешу керектігін белгілейді; 2) берілген лингвистикалық материалға түрше өзгерту, өңдеу жасалады, соның негізінде оқушы осы лингвистикалық материалдың бойындағы маңызды, негізгі белгілерді анықтайды; 3) танылған жаңа байланыстар мен қатынастарды ерекше таңбалармен (алдын ала келісілген

таңбамен) модельдейді; 4) алдыңғы кезекте алға қойылған міндетті шешуге қажетті болып тұрған негізгі байланыстар мен қатынастарға жалпы сипаттама беріп, олардың қандай заңдылықтарға бағынатынын анықтайды Мұны математика пәнінің мазмұны да, оқу бағдарламасы да талап етеді. Көптеген зерттеу жұмыстары мен мектептегі озат тәжірибелерді баспа бетінде жариялау мұны мойындағанымен, оқыту үрдісінде қалай пайдалануға болатындығына нақты материалдың жоқтығы мәселені қиындата түседі. Біздің зерттеуіміздің теориялық практикалық маңызы бар. Математика күрделі пән болу үстіне, ол ақыл-ой оралымдылығына, әлем бірлігін түсінуге қызмет етеді. Математиканы оқытудың тәрбиелік мәні мен практикалық мазмұны математиканы мектепте оқытудың білім беру мақсатымен ұштасып жатады. Математиканы оқытудың жалпы білімдік мақсаттары мұғалімнен төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізуді талап етеді:

- + Оқушыларға математикалық білімнің, біліктің белгілі жүйелерін меңгерту;

- + Болмыстағы ақиқатты танудың математикалық әдістерін меңгерту;

- + Математика тілін, терминологиясын меңгерту, қалыптастыру;

- +Математикалық интуициясын дамыту;

- +Оқу қызметін ұйымдастыруға қажет болатын математикалық мағлұматтарды тиімді пайдаланудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

- + Оқушы аталған мақсаттарды жете түсініп, білімді берік, саналы және жүйелі түрде игере алса, онда оқу міндеттерін іске асырып, күнделікті тұрмыста кездесетін алуан түрлі мәселелерді шеберлікпен шеше алады. Математика пәні – реалды ақиқатының ең маңызды саласы және адамның алуан түрлі коммуникативтік жағдайларға еркін араласып қатысу, сауатты бағдарлай алу қабілетін дамытып, жасанды (математика) тілдер туралы қалыптастыруға, дүниені математикалық өрнектер арқылы бейнелеп қабылдауға мүмкіндік ашатын жетекші пән ретінде қарастырылады. Бастауыш саты – оқушы да, оның интелектісі дамуының іргетасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Оқу әрекетінің мазмұны

оқу тапсырмалары түрінде құрылып отыр. Оқушы әртүрлі оқу тапсырмаларының өздігінен шешіп орындаудан ортақ тәсілдерін оқу әрекетін бақылап – бағалауды нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді.

Бастауыш сынып оқушыларына дамыта оқытудың теориялық негізін нақтылау; бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес төл оқулықтарды (математика) тәжірибеден өткізуді іске асыру; сабақ және сыныптан тыс жұмыстарда дамыта оқыту тәжірибелік – эксперименттік түрінде тексеріп, нәтижесін шығару – бұлар дамыта оқытудың міндеттері болып табылады.

Оқушыларды дамыта оқыту – қазіргі бастауыш мектептердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бастауыш мектеп оқушы тұлғасы мен санасының дамуы, қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас кезең. Бастауыш сыныптарда білім берудегі дамыта оқыту процесі – математика пәнінен дамыта оқытуды теориялық жағынан негіздеп, мазмұны мен шарттарын анықтап, әдістемесімен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім беру жүйесінің мазмұны қоғамдық ағымдағы және болашақ қажеттіліктерді ескеріп және адам танымының ерекшеліктерін бейнелеп, әлеуметтік даму деңгейін есепке алудың негізінде қоғамға қабылданған білім берудің даму тұжырымдамасына сәйкес келуі тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік көзқарасын қалыптастыру мен жеке дамуын қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені мектеп жасына келген баланың ынтасын жоймаудың басты тәсілі – олардың талабын қанағаттандыру, ынтасын оятып, білім алуға шабыттандыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Давыдов Э. «Дамыта оқыту технологиясы»/ Педагогикалық шығармалар. 1998
2. Оқу үрдісіндегі дамыта оқытудың мәселелері/ Психологиялық ғылым және білім беру №1/ 2003ж.